

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

2024 ж.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2023-2024 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Академиялық комитеттің ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді:

А) 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет ережесіне (УЕ-ХҚТУ-113-2022) сүйеніп, Академиялық комитеттің жұмыс жоспары жасалынды.

2. Қолданыстағы ББ бойынша пән силлабустарының мазмұны тексеріліп, бақылауға алынды.

Оқылатын пәннің деректерін, оның қысқаша мазмұны, тақырыбы мен әрбір сабақтың ұзақтығын, өзіндік жұмыстардың тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, аралық бақылау кестесін және әдебиеттер тізімін құрайтын оқу бағдарламасы ретінде силлабустарды дайындау ең жауапты жұмыстардың бірі. Сондықтан да силлабустарды жаңа оқу жылына әзірлеу үлкен даярлықты, ізденісті талап етеді. Осыған орай жаңа оқу жылына силлабустар даярланып, бекітілді.

Сонымен қатар, пәннің оқу әдістемелік кешенін жасау ережесін қайта қарап, өзгеріс енгізу жұмыстарын жүргіздік. Өзгеріске қатысты ұсыныстарымызды бердік.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27 наурыз 2023 жылы қабылданған №125 бұйрығын негізге ала отырып, ББ бойынша практика бағдарламаларына енгізілетін өзгерістерді түсіндіру мақсатында факультет деңгейінде «Кәсіби практикаларды ұйымдастыру ерекшеліктері» атты оқу-әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Осы семинар барысында кәсіптік практиканы ұйымдастырудың 4 кезеңі ашып көрсетілді. Олар:

- Дайындық;
- Пропедевтикалық;
- Қалыптастыру;
- Қорытындылау

Кәсіби практиканың негізгі міндеттері, білім алушылардың міндеттері мен құқықтары, жауапкершілік мәселелері қарастырылды.

Осыған орай кафедраларымыз кәсіби практика бағдарламаларын даярлауда жаңа бұйрықты негізге ала отырып, ішкі аудитке даярланды.

2. Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша соңғы 3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты кейбір ББ-ларды реестрден алып тастау туралы ұсыныс жасалды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту» туралы 12.10.2022 жылғы №106 бұйрығының 29 тармағы 5 тармақшасына сәйкес, бағдарламаның өзектілігін жоғалтуы (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы); кестеде берілген білім беру бағдарламаларын ББ реестрінен шығару ұсынылды.

№	шифр	ББ тобы	№	шифр	ББ атауы	Ескерту
1	6B015	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау		6B01511	Информатика	3 жыл қатарынан қабылдау

		Информатика мұғалімдерін даярлау				болмаған.
--	--	--	--	--	--	-----------

Факультет бойынша мәлімет жинақталып, 20 қазанға дейін есеп берілді.

3. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізілді.

Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстар негізінде кафедралар бойынша жауапты персоналдар тағайындалды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ әзірлеудегі ескерілетін негізгі мәселелер тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды:

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын қайта жобалау тақырыбына семинар АҚ мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылды. Семинар барысында ББ мазмұнын жобалаудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзіреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзіреттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды

2. Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жаңартылды.

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жаңартылды. Докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламаларын қайта қарастырылып, сұрақтары жаңаланды, бағалау критерийлері білім беру бағдарламаларының оқыту нәтижелеріне қарай сәйкестендірілді.

3. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдары талданды.

Білім берудегі күтілетін нәтижеге жету жолында қандай бағалау түрлері мен оқыту әдістерін басшылыққа алатындығымызды анықтап, қолдау көрсету үшін конструктивті үйлесімділікті басшылыққа алдық. Себебі оқыту нәтижелеріне жету жолында бағалаудың қандай әдіс-тәсілдерін қолдануды білу өте маңызды. Ол үшін бағалау критерийлері мен бағалау рубрикаларын енгізуіміз керек. Сонда ғана конструктивтік тұрғыдан білім беруге қол жеткіземіз. Ал конструктивті оқыту дегеніміз білім алу кезінде рефлексияға және белсенді рөл атқаруға ынталандырылмаған студенттердің білім алу процесін тереңірек және рефлексиялық өңдеу арқылы түрлендіруге қолдау көрсететін оқыту түрі болып табылады.

4. Жұмыс берушілермен байланыс орнату мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытының жұмыс берушілері Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Байтенов А.К., Түркістан кәсіби-педагогикалық колледжінің директорының міндетін атқарушы Ускенова Р.А., ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.меңгеруші, PhD Б.С.Уалиханова және Академиялық комитет мүшелерінің қатысуымен ZOOM бағдарламасында онлайн дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел барысында болашақ мамандардың цифрлық құзыреттіліктерін арттыруға және белсенді оқыту әдістерін меңгертуге қажеттілік бар екендігі анықталды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша бакалавриат білім бағдарламалары бойынша ішкі аудит ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Ішкі аудит төмендегі мәселелерді қамтыды:

- ББ сипаттамалары;
- Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері;
- Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- Сауалнамалар (білімгерлердің жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
- ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі;
- ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- ББ инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі.

6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының өзіндік бағалау есебі жасалынып сайтқа салынды.

2. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі берілді.

6B01512 - Химия, 6B01562 - Химия-биология, 7M01535-Химия БББ бойынша өзіндік бағалау нәтижелері төмендегідей болды:

6B01512-Химия бакалавр бойынша өзіндік бағалау нәтижелері төмендегідей болды:

-соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері - 2020- Атамекен-7/19; НААР-5/11; 2021 – Атамекен 9/18, НААР – 2/10, 2022- Атамекен 9/21, 2023-Атамекен 4/12

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Тараз гуманитарлық-инновациялық университеті, Д.В.Сокольский атындағы жанармай, катализ және электрохимия институты

- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері - Түркістан қаласы Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, №23 «ІТ» Мектеп-Лицейі, Түркістан қаласы №1 А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектеп, Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп

- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері - кафедра бойынша жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – 95%. оқытушы студент көзімен – 99,6%, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 98%;

-білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері- өте жақсы;

- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері – бакалавр бойынша 2020-100%, 2021-83%, 2022-77,5%, 2023-63,3%.

6B01510-Физика, 7M01506-Физика, 8D01503-Физика БББ бойынша өзіндік бағалау нәтижелері төмендегідей болды:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері – бакалавр бойынша орындар 2019 -10, 2020- 4, 2021-6, 2022-0, 2023-15.

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері - Қорқыт Ата Қызылорда университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,

- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері – Ж.Ташенов атындағы №23 мектеп-лицейі, Түркістан облысының адами әлеуетін дамыту

басқарамсының «Оқу пәндерін әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімі, Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған дарынды баларға арналған мектеп-интернаты.

- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері –жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – өте жақсы, оқытушы студент көзімен – 4.79, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 100%.

- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері- бакалавр бойынша, 1 курс – 65, 2 курс -31, 3 курс -27, 4-курс – 24. Магистратура 1-курс-22, 2 курс-25 магистрант, Докторантура бойынша 1-курс-1, 2 курс – 2 докторант, 3 курс -2.

- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері –бакалавр бойынша 2020- 100% , 2021- 71,4 % , 2022 - 84,6%, 2023 - 85,7% магистратура бойынша – 100%, докторантура бойынша – 100%.

6B01513 - Биология, 7M01507-Биология БББ бойынша өзіндік бағалау нәтижелері төмендегідей болды:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері – 2018 – Атамекен-23/30; 2019- Атамекен- 28/29, НААР-6/15; 2020- Атамекен 7/28; 2021 – Атамекен 17/25, НААР – 4/12, 2023 - Атамекен 17/23.

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық универсиеті, Түркия Республикасы Гази университеті.

- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері - №21 жалпы орта мектебі

- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері –жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – өте жақсы, оқытушы студент көзімен – 4.75, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 100%.

- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері-бакалавр бойынша 2019-2020 оқу-169, 2020-2021 – 197, 2021-2022-212, 2022-2023- 199 студент, магистратура бойынша 1 курс -23, 2-курс – 14 магистрант.

- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері –бакалавр бойынша - 2019-76,4%, 2020- 100%, 2021-79,4%, 2022-61%, магистратура -100%.

6B01509 – Математика, 7M01547-Математика, 8D01502-Математика БББ бойынша өзіндік бағалау нәтижелері төмендегідей болды:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері - 2019- Атамекен- 22/28, НААР- 4/15; 2020- Атамекен-15/24; НААР-1/15; 2021 – Атамекен 13/26, НААР – 4/14, 2022-жок, 2023 – Атамекен 13/23.

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – Түркістан облысы А.Югнаки атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан облысы Е.Изатуллаев атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан қаласы №1А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, Түркістан қаласы М.Жұмабаев атындағы №15 жалпы орта мектеп.

- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері - Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, Кентау қаласы №23 Ә.Бөкейханов атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан қаласы М.Әбенова атындағы жалпы орта мектеп

- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері - жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – өте жақсы, оқытушы студент көзімен – 4.8, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 100%.

- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері 1 курс – 20, 2 курс -21, 3 курс -33, 4 курс -20 студент.

- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері – бакалавр бойынша 2020-100%, 2021- 83,3%, 2022-75%, магистратура – 100%, докторантура- 100%

6B01573-Информатика, АКТ және робототехника, 6B01511-Информатика
7M01557-Информатика, 8D01516 -Информатика БББ бойынша өзіндік бағалау нәтижелері төмендегідей болды:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері – 2020 - НААР-6/13, НКАОКА - 6/13; 2021 – жоқ, 2022-жоқ, 2023-жоқ..
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері –Кентау қаласы №14 әл-Фараби атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия, Кентау қаласы Дарын мектеп, Түркістан қаласы Ө.Жәнібеков атындағы №27 мектеп лицей, Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, Түркістан қаласы №15 М.Жұмабаев жалпы орта мектеп,
- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері - Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, Кентау қаласы №14 әл-Фараби атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия, Кентау қаласы Дарын мектеп.
- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері - кафедра бойынша жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – өте жақсы, оқытушы студент көзімен – 4.8, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 100%.
- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері- 1 курс -40, 2 курс -40, 3 курс -36, 4 курс – 8.
- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері - түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері – бакалавр бойынша 2020-100%, 2021-84%, 2022-78%, магистратура - 100%.

3. Қолданыстағы ББ бойынша практиканың барлық түріне мониторинг жүргізіліп, тиімді технологиялар ұсынылды, практика бағдарламаларының мазмұны жаңартылды

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27 наурыз 2023 жылы қабылданған №125 бұйрығын негізге ала отырып, ББ бойынша практика бағдарламаларының оқыту нәтижелеріне өзгеріс енгізілді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары білім алушыларының педагогикалық практикасын ұйымдастыру және өткізу тәртібі келесі практика түрлерін қамтиды:

- 1) оқу (танысу) практикасы (1-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес, 60 сағат),
- 2) психологиялық-педагогикалық практика (2-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес, 60 сағат);
- 3) педагогикалық практика (3-курс, көлемі 6 кредиттен кем емес, 180 сағат);
- 4) өндірістік педагогикалық практика (бітіруші курста кемінде 15 кредит, 450 сағат көлемінде).

Барлығы: кемінде 25 кредит, 750 сағатты қамтиды.

Педагогикалық практикалардың өту қорытындылары бойынша оқыту нәтижелері практика бағдарламаларына енгізілді.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп білім беру ұйымдарында педагог кадрлардың қажеттілігін ескере отырып, педагогтерді даярлау, жұмысқа орналастыру, біліктілігін арттыру, әдістемелік және әлеуметтік қолдау мәселелері талданды.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп білім беру ұйымдарында педагог кадрлардың қажеттілігін ескере отырып, педагогтерді даярлау, жұмысқа орналастыру, біліктілігін арттыру, әдістемелік және әлеуметтік қолдау мәселелерін талдау бойынша, М.Әбеннова атындағы жалпы орта мектеп, Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты т.б. жұмыс берушілерімен тығыз байланыста

жұмыстар жүргізіліп сараптама алдық. Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің «Персоналды басқару қызметі» бөлімінің басшысы Исмаилова Молдир Болатовнамен бос жұмыс орындарына биология және химия мамандықтарының түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша келісім – шарт жүргізілді.

2. Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесі таныстырылды.

Ережелерді талқылауда маңыздылық беретін тұсымыз, білім алушылардың бойында қалыптастыруымыз қажет құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері. Оқыту нәтижелеріне жеткізетін білім беру әдістері мен бағалау әдістеріне назар аударылды. Әр пәннің ерекшелігіне қарай, нақты әдістер ұсынылды. Сонымен қатар, бағалауда критерийлер мен дескрипторларды білім алушылармен бірге құрғанда, бағалауда әділетсіздік орын алмайды. Қазіргі таңдағы білім беру платформаларын қолданып жұмыс жасау арқылы оқытушы білім алушылардың бойында цифрлық құзыреттіліктерін арттырады.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАҢ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізілді.

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

7M01535-Химия білім беру бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылына өзгерістер енгізілмеді.

7M01547-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылына өзгерістер енгізілмеді. **8D015- Математика** білім беру бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылына жаңартулар жасалмады.

7M01557- Информатика білім беру бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда 2024-2025 оқу жылындағы өзгерістер енгізілмеді.

8D015- Информатика білім беру бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылына жаңартулар жасалмады.

7M01506-Физика білім беру бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылына өзгерістер енгізілмеді. **8D01503- Физика** білім беру бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылына жаңартулар жасалмады.

7M01507-Биология 2023-2024 оқу жылымен салыстырғандағы 2024-2025 оқу жылында өзгерістер енгізілген жоқ.

Физика кафедрасының меңгерушісі Б.Ж.Сейтов:

6B01510 - Физика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. А.Байтенов - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2. Ж.Ж.Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры

3. Б.С.Уалиханова - ОҚМПУ «Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD, доцент м.а.

4. Р.А.Ускенова - Түркістан кәсіби- педагогикалық колледжінің директорының міндетін атқарушы

5. Н.Ә.Нұрыш - Назарбаев Зияткерлік мектебі, физика пәнінің мұғалімі, магистр

7M01506 – Физика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. А.А.Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2. Б.С.Уалиханова - ОҚМПУ «Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD, доцент м.а.

3. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ мектеп – лицей директоры

4. П.А. Саидахметов - ОҚМУ, Физика кафедрасы, ф.-м.ғ.к., доцент

Математика кафедрасының меңгерушісі М.Д.Кошанова:

6B01511 - Математика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. А.А. Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры

3. Т.Б. Меңдібаева - М.Әбеннова жалпы орта мектеп директоры

4. Л.А. Нысанкулова - 28 мектеп-лицей директоры

7M01547 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. А.А. Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2. Ә.М. Сарсенбі - Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Теориялық және қолданбалы математиканың ғылыми орталығының» директоры

3. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры

4. М.Ш. Боженов - М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназия

8D01502 - Математика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Ә.М. Сарсенбі - Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Теориялық және қолданбалы математиканың ғылыми орталығының» директоры

2. Н.С. Иманбаев - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Математика кафедрасының профессоры

3. Б.Ондыбаев - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернатының директор м.а.

6B01573 - Информатика, АКТ және робототехника білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. А.А. Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2. С.А. Айтуреев - Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі директоры

3. Г. Өсербаева - №27 жалпы орта ІТ мектеп директоры

Биология кафедрасының меңгерушісі Ғ.Исаев:

6B01513 - Биология білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры

2. Т.Б. Меңдібаева - М.Әбеннова атындағы жалпы орта мектеп директоры

3. Г.С. Халықова - ОҚМПУ, а-ш.ғ.к., доцент м.а.

4. А.Е. Арыстанбекова - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты

7M01507 - Биология білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Р.А. Ускенова - Түркістан кәсіби-педагогикалық колледжінің директоры міндетін атқарушы

2. А.К. Абпазов - Түркістан Жоғары көпсалалы, қол өнер колледжінің директоры, т.ғ.к.

3. А.Т. Кенжалиев - «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің директоры

4. Э.Б. Жаппарбергенова - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Биология кафедрасының доценті, б.ғ.к.

Химия кафедрасының меңгерушісі Р. Нурдиллаева:

6B01512 - Химия білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. А.А. Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры

3.Д.А. Дийметова - Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп директоры
 4.Д.С. Құдайбергенов - А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп директоры
6B01514 - Химия-биология білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры
 2. А.Е.Арыстанбекова - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты

3.Д.А. Дийметова - Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп директоры
 4.Д.С. Құдайбергенов - А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп директоры
6B01515 - География білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Ф.Ж. Сержанов - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты директоры
 2. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 Жұмабек Ташенов атындағы ІТ Мектеп-лицей директоры
 3. М.Ш. Бөжкенов - М.Жұмабаев атындағы №15 жалпы орта мектеп директоры
 4. Д.С. Құдайбергенов - А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп директоры

2. Аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылды.

Аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылды және магистратура және докторантура бағытындағы жұмыс берушілермен кездесу өткізу жоспарланған, арнайы кесте жасалынған. Жұмыс беруші өкілі Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К.Байтеновпен, Түркістан кәсіби-педагогикалық колледжінің директорының міндетін атқарушы Р.А.Ускеновамен қауымдастық мүшелерімен кездесуі ұйымдастырылды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ әзірлеу және жобалауды ұйымдастыру жолдары тақырыбына семинар ұйымдастыру

«6B01512-Химия білім беру бағдарламасын әзірлеуде оқыту нәтижелерін құрастыру жолдары» атты тақырыпта семинар ұйымдастырылып, баяндама жасалды. Баяндамада *ББ әзірлеу принциптері* қарастырылды. Олар:

- 1.Білім беру бағдарламасы Еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып әзірленеді.
 2. Білім беру жүйесінің және еңбек нарығының өзара әрекет құралдары:
 - 1) Ұлттық біліктілік шеңбері;
 - 2) Салалық біліктілік шеңбері;
 - 3) Кәсіби стандарттар.
 3. Білім беру бағдарламасы құзыреттілік модель контексінде әзірленеді және мазмұны модульдер бойынша оқыту мақсаттарына, құзыреттілігіне және нәтижелеріне байланысты модульдерден тұрады.
 4. Кәсіби стандарт негізінде әзірленген білім беру бағдарламасында негізгі еңбек функциялары кәсіби модульдерге көрсетіледі.
 5. Әрбір кәсіби модуль кәсіптің негізгі еңбек функцияларын орындаумен байланысты құзыреттерді қалыптастыруды көздейді.
 6. Білім беру бағдарламасын әзірлеудегі құзыреттілік тәсіл келесі қағидаттар арқылы жүзеге асырылады:
 - 1) Оқыту/құзыреттілік нәтижелеріне қол жеткізуіне назар аудару;
 - 2) Оқыту барысында қалыптасатын білім, білік және дағдылар кәсіптік міндеттерді шешу қабілетіне бағытталуы тиіс;
 - 3) Құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған интеграцияланған, пәнаралық, мультипәнарлық тәсіл негізінде оқытуды ұйымдастырудың модульдік принципі
- Білім беру бағдарламаларын әзірлеудің кезеңдері қарастырылды.

1) Дайындық кезеңі:

- 1) Білім беру бағдарламалары түлектерінің құзыреттеріне жұмыс берушілердің талаптарын анықтау;
- 2) Еңбек нарығының ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін айқындау;
- 3) Кәсіптік стандарттарды модельдік білім беру бағдарламаларына түрлендіру.

2) Білім беру бағдарламасын жобалау:

- 1) Осы білім беру бағдарламасындағы нарықтың қажеттілігі анықталады;
- 2) Білім беру процесін ұйымдастыру мүмкіндіктері тұрғысынан, оның ішінде білім беру ұйымы серіктестерінің ресурстарын тартуды ескере отырып, модульдер бөлінісінде қажетті кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржы ресурстарының тізбесі айқындалады;
- 3) Белгілі бір құзыреттілік бейініне сәйкес оқыту нәтижелері және оларға қол жеткізу өлшемдері қалыптастырылады;
- 4) Педагогикалық жобалау технологиясын қолдану арқылы модуль, пәндер (өндірістік оқыту, тәжірибе) және білім беру технологиялары бойынша оқыту нәтижелері арасындағы сәйкестік анықталады;
- 5) Пәндер (өндірістік оқыту, практика), аралық және қорытынды аттестаттау бөлінісінде оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен құралдары жобаланады;
- 6) Модульдік білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының жобасы негізінде құзыреттілік бейінінің жетістігін бағалау жүзеге асырылады.

3) Білім беру бағдарламасын әзірлеу

- 1) Білім беру бағдарламасының мақсаттары тұжырымдалады;
- 2) Оқыту нәтижелерін топтастыру арқылы білім беру бағдарламасының модульдерін жобалау;
- 3) Құзыреттіліктерді және еңбек функцияларын КС-дан құзыреттіліктен трансформациялау және оқыту нәтижелері;

4) Құзыреттіліктері мен оқыту нәтижелерімен контекстінде Модульдер, пәндер тізбесін анықтау;

5) Кредиттердегі модульдер мен пәндердің еңбек сыйымдылығын анықтау;

6) Білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының жобасы қалыптасады

ББ әзірлеу үшін принциптерімен қоса «Педагог» кәсіптік стандартындағы «орта мектеп мұғалімінің» еңбек қызметтерін қарастырамыз. Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің оқыту нәтижелерін анықтаймыз. Оқыту нәтижелері кәсіби құзыретті мұғалімді қалыптастыруы керек.


2. Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылып, пікірлері тыңдалып, зерттелді.

Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылып, пікірлерін тыңдадық. Жұмыс берушілердің пікірлерін ББ әзірлеуде назарға алдық. Финдік білім беру бағдарламасына көшу болашақ мұғалімдерге жақсы нәтиже беретініне сеніміз мол. Пәндердің кредиттері артып санының азаюы, практикалық бағытқа басымдық беру болашақ мұғалімдерге қолданбалы бағыттағы дағдыларын дамытады.

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ білім алушыларының практика базалары бойынша жетекші мұғалімдері мен жұмыс берушілерден сауалнама алынды және нәтижесі төмендегі диаграммада көрсетілген. Сауалнама барысында анықталған құзыреттіліктердің қалыптасуындағы олқылықтар назарға алынды.

1. Өз уақытын тиімді жоспарлап, ұйымдастыра алады


39 ответов



● 1
● 2
● 3
● 4
● 5

2. Өз іс-әрекетін жоспарлаудың тиімді құралдарын анықтау және таңдау арқылы креативті шешімдер қабылдай алады


39 ответов



● 1
● 2
● 3
● 4
● 5

3. Тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас құра алады


39 ответов



● 1
● 2
● 3
● 4
● 5


4. Өзінің және оқытылып жатқан тілдердің мәдениетінің тарихи фактілерін, қағидалары мен рухани құндылықтарын біледі

39 ответов




5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өз бетімен ұйымдастыру дағдысы қалыптасқан

39 ответов




6. Экономикалық білім мен қаржылық сауаттылығын көрсететін кәсіпкерлік дағдылары қалыптасқан

39 ответов




7. Қоршаған ортаны басқару аспектілерін қолдана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін және адамға қауіпті факторлардың әсер ету дәрежесін бағалай алады

39 ответов




8. Оқытылатын пәндер аясында жаңа материалдарға талдау, түсіндіру, жалпылау және синтездеу амалдарын жасай алады

39 ответов




9. Оқу және тәрбие жұмысын жоспарлап, ұйымдастырып, бағалай алады

39 ответов



10. Инклюзивті білім беру негіздерін біледі


39 отбелов



- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

11. Сандық білім беру платформалары мен ресурстарын пайдалана алады


39 отбелов



- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

12. Инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдана алады


39 отбелов



- 1
- 2
- 3
- 4
- 5


13. Білім беру саласында мониторингтік зерттеулер жүргізе алады

39 ответов




14. Оқушылардың пәндік және тілдік құзыреттіліктеріне педагогикалық диагностика жасай алады

39 ответов




15. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеп, оларды тиімді пайдалана алады

39 ответов




16. Академиялық жазудың негіздерін біледі және академиялық адалдық принциптерін сақтайды

39 ответов



17. Кәсіби қызметінде рефлексияны қолдана алады

39 ответов



18. Түлектердің құзіреттіктерін жақсартуға арналған ұсыныстарыңыз

39 ответов

Практикалық оқушлармен жұмыс жасап үйрену, сондай ақ теориялық және шығармашылық білімдерін жетілдіру.

Мен өзіме тек 1-2 курс студенттері келді әліде үйренетіндері бар.

Бала тәрбиесінде ұстаз ретінде өздерін сезініп балаларға үлгі болатындай сөзін өткізе алатындай дәрежеде айқын көрсете білуі тиіс

Сәттілік

Интерактив тақтамен жұмыс жасауға материал дайындау қолға алынса

Ойын жинақтай білсе, тиянақтылық, жауапкершілікке көбірек үйренсе

Коммуникативті қабілетті арттыру, аудитория алдына шығып сөйлеу барысындағы ең қажетті қасиетті, яғни, харизманы жетілдіру керек

Үнемі жаңалықтармен хабардар болып тұру керек

күшті

Көбірек ізденіп, жаңашылдықты пайдалану

Өте белсенді

Біліктілікті арттыру

бәрі ойдағыдай

Барлығын толықтай орындай біледі

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктері талданып, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау

ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау мен ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтауға байланысты Білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет Ректоры бұйрығымен кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын Академиялық комитеттер (АК) айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді. ББ әзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады:

- 1) ББ әзірлеуге дайындық;
- 2) ББ жобалау;
- 3) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу;
- 4) ББ әзірлеу сапасын бағалау

ББ әзірлеуге дайындық кезеңінде университетте әзірленетін ББ тізбесі айқындалады. Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АК жетекшілігімен:

1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады: а) қазір және болашақта қандай мамандар қажет; б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит).

2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі: а) өңірде/жақын өңірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма; б) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары.

3) ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі: а) қажетті кадрлық ресурстардың болуы; б) қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

ББ жобалаудағы келесі кадам - оны жүзеге асыру үшін ресурстарға қажеттілікті анықтау. ББ-ға қойылатын талаптар білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалады. ББ-сын толық жүзеге асыру үшін келесі ресурстардың қандай және қанша қажет екенін анықтау қажет:

1) кадрлық ресурстар. ББ іске асыруды тиісті және ресми құжаттармен расталған білімі бар ғылыми педагог кадрлар қамтамасыз етеді. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптар ББ ерекшелігімен, салалық шеңбермен және кәсіби стандартпен айқындалады.

2. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындалды.

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша бойынша ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс арнайы прайс беттер арқылы орталық кітапханаға ұсыныстар беру арқылы дайындалды.

Сонымен қатар оқытушылардың кітаптарын баспадан шығару арқылы да толықтырылды. Әр кафедра бойынша 1 қосымша әзірленіп, тапсырылды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар жүргізу.
6B01512 - Химия, 6B01562 - Химия-биология, 7M01535-Химия БББ бойынша Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Тараз гуманитарлық-инновациялық университеті, Д.В.Сокольский атындағы жанармай, катализ және электрохимия институтымен байланыс орнатылды.

6B01510-Физика, 7M01506-Физика, 8D01503-Физика БББ бойынша Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері - Қорқыт Ата Қызылорда университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен келісім-шарт жалғастырылды.

6B01513 - Биология, 7M01507-Биология БББ бойынша Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Түркия Республикасы Гази университетімен байланыс жасалды.

6B01509 – Математика, 7M01547-Математика, 8D01502-Математика БББ бойынша Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен келісім-шарт жаңартылды.

6B01573-Информатика, АКТ және робототехника, 6B01511-Информатика, 7M01557-Информатика, 8D01516 -Информатика БББ бойынша Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – , Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Халықаралық туризм және меймандостық университетімен келісім –шарттар жасалды.

АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСARTУ ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. ББның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту.
2. Барлық стейкхолдерлерді ұйымдастырып кездесулер өткізу.
3. Педагогикалық зерттеу институтын құру.

Академиялық комитеттің № 10 мәжілісінде 26 06 2024ж. талқыланып, бекітуге ұсынылды

АК төрағасы

